



FTAXP 06.56.31

<https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>

<https://orcid.org/0000-0003-4753-2672>

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-171-190>

Аграрлық секторды қаржылық қолдаудың шетелдік және отандық тәжірибесі

Д.С. Махметова*, Э.Б. Тлесова, Е.К. Молдакенова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: dana.makhmetova.90@bk.ru, t.ilvira@mail.ru, erke_totai_77@mail.ru)

Аңдатпа. Жаңа жаһандық ахуал жағдайында аграрлық секторды жедел дамытуға басымдық беріледі. Жақын арада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу әртараптандырудың негізгі көзі және экономикалық өсудің драйвері болуға тиіс. Осыдан экономиканың осы саласын мүмкіндігінше тұрақты қолдау және қаржыландыру міндеті туындайды. Ғылыми мақаланың мақсаты шет елдердің аграрлық секторын қаржылық қолдаудың негізгі бағыттарын зерделеу және ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеудің отандық тәжірибесін жүйелеу болып табылады. Зерттеу барысында статистикалық және салыстырмалы талдау, жалпылау, жүйелік тәсіл, логикалық, синтетикалық әдіс қолданылды. Зерттеу нәтижесінде табысы жоғары, орташа және төмен елдердің аграрлық секторын қаржылық қолдаудың негізгі бағыттары айқындалды: ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтық бағаларын белгілеу және реттеу; басым бағыттар бойынша түрлі субсидиялар, өтемақы төлемдері; көлемі егіс алқаптарының мөлшеріне байланысты қаржы қаражатын төлеу. Отандық аграрлық секторды қаржыландыру ерекшеліктерін талдау, саладағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, субсидиялар беру, жеңілдікті кредиттеумен қамтамасыз ету және т.б. жолымен жүзеге асырылатынын анықтады. Талдау нәтижелері бойынша саладағы проблемалар айқындалды, сондай-ақ қолданыстағы субсидиялау жүйесі алдын ала белгіленген нақты нәтижелерді көздемейтіні және одан әрі нысықтауды талап ететіні көрсетілді. Зерттеу қорытындысы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қаржылық қолдаудың шетелдік тәжірибесіне жүргізілген талдау ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаудағы мемлекеттің белсенді рөлін көрсетеді. Салық және несие саясатын жүргізу кезінде ауыл шаруашылығына қолдау көрсету саласындағы шет елдердің тәжірибесін пайдалану мүмкін деп санаймыз.

Түйін сөздер: аграрлық сектор, субсидия, мемлекеттік қолдау, несиелеу, ауыл шаруашылығы, реттеу, қаржыландыру.

Кіріспе

Көп салалы экономиканы дамыту, меншіктің әртүрлі нысандарын пайдалануға көшу жағдайында мемлекеттің нарықтық экономикадағы рөлі мен функцияларын, мемлекет пен ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өзара әрекеттесуін анықтау міндеті өте өзекті болып табылады. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеу саясаты экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл саясат - белгілі бір мақсаттарға ие, салалық және жалпыұлттық міндеттерді шешіп, нақты қағидаттарға негізделеді және де ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағыттарының жүйесін, оны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеткізу тетіктерін қамтиды. Оған дамыған елдердің ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының ынталандырушы шаралары, ауыл шаруашылығы нарығындағы икемді баға реттеу тәжірибесі дәлел.

Шет елдерде ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау аграрлық секторда экономикалық және қаржы саясатын жүргізудің қуатты тетігі болып табылады. Қазіргі жағдайда нарықтық экономика айқын циклдермен дамиды: көтерілу кезеңдері құлдыраумен ауыстырылады және керісінше. Осыған байланысты кейбір шешімдер бюджеттік шығындарды талап етсе, басқалары тек әкімшілік араласуды қажет етеді; кейбіреулері салық төлеушілер есебінен, ал басқалары сатып алушылар есебінен қаржыландырылады. Кейбір елдер либералды аграрлық саясатты ұстанса, басқа мемлекеттер протекционизмнің жоғары деңгейін ұстанады. Қазақстанда да мемлекеттік реттеу шаралары қолданылады, алайда олардың ауқымы аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуі үшін жеткіліксіз. Сала мемлекет тарапынан белсенді қолдауды қажет етеді, бұл оның тиімді жұмыс істеуі, серпінді дамуы, сондай-ақ бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін ұстап тұру үшін қажет.

Зерттеудің мақсаты – аграрлық секторды мемлекеттік қаржылық қолдауды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және осы тәжірибені Қазақстан Республикасында пайдаланудың негізгі бағыттарын айқындау.

Жұмыста табысы жоғары, орташа және төмен елдер бөлінісінде аграрлық секторды қаржылық қолдаудың негізгі құралдарына салыстырмалы талдау жүргізілді. Сонымен қатар, қаржылық қолдау көрсетудің ерекшеліктері, атап айтқанда, аграрлық сектордың проблемалары айқындалып, Қазақстан Республикасының субсидиялау бағыттары анықталды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу аграрлық секторды қаржылық қолдаудың негізгі бағыттарының отандық және шетелдік тәжірибесін талдауға арналған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Жұмыстың ақпараттық-эмпирикалық негізіне шетелдік және отандық статистика деректері, анықтамалық әдебиеттер алынды.

Жалпылау әдісі арқылы аграрлық секторды мемлекеттік қаржылық қолдау теориясы зерттеліп, 2019-2022 жж. аралығында кіріс деңгейі бойынша елдер топтарындағы өнім құнының үлесі ретінде аграрлық азық-түлік секторын қолдау

бағыттары талданды. Салыстырмалы талдау арқылы елдердің кіріс деңгейі бойынша ауыл шаруашылығын қолдау шараларын салыстырып, Қазақстандағы осы секторды қаржылық қолдаудың ерекшеліктерін айқындап, оны дамытуда ұсыныстар берілді. Логикалық әдіс осы процестер мен құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттерін анықтау үшін қолданылды. Синтетикалық әдіс пен статистикалық талдау аграрлық секторды қаржылық қолдаудың өткен жылдардағы ерекшеліктерін анықтау, ағымдағы жағдайын сандық бағалау, өзекті мәселелерді жүйелеу және оларды жетілдіру жолдарын ұсыну үшін пайдаланылды.

Талқылау мен нәтижелер

Нарықтық экономика жағдайында, Батыс Еуропаның дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігі және ауылдық аумақтардың дамуы көбінесе мемлекеттік реттеу мен қолдауға байланысты. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жалпы әлемдік тәжірибе болып табылады және барлық елдерде қолданылады. Бұл ретте көптеген елдердің басым бағыты әртүрлі экономикалық тетіктерді пайдалана отырып өндірушілерді жан-жақты қолдау (өндіріс шығындарын өтеу, бағаларды қолдау, өндірістік құрылым үшін субсидиялар, түрлі бағдарламаларды іске асыру) болып табылады. Алайда, оның агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған нысандары мен әдістері әр елдің АӨК даму ерекшелігіне, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайларына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді.

Кейбір елдердің аграрлық секторын мемлекеттік қаржылық қолдаудың негізгі құралдары 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Жекелеген елдер мысалында аграрлық секторды қаржылық қолдаудың негізгі бағыттары

№	Ел	Аграрлық секторды қаржылық қолдау
1	Ұлыбритания	Шаруа қожалықтары ауылшаруашылық өнімдері құнының төрттен бірінен астамын құрайтын және әлемдегі ең ірілердің бірі болып табылатын мемлекеттік субсидиялармен қамтамасыз етіледі, сала жақсы жолға қойылған.
2	Германия	Ұзақ мерзімді несиелер үшін пайыздық мөлшерлемені 4%-ға төмендетуге мүмкіндік беретін инвестицияларды ынталандыру бағдарламасы бар. Ипотекалық банктердегі несиенің пайызы 6–8,5%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін тауар өндірушіні қорғау негізінен сатып алу бағасының, сатып алу көлемдерінің белгілі бір деңгейін ұстап тұруға, тауарлардың жекелеген түрлерін субсидиялауға және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу көлемінің мемлекеттік инвестициялар мен несиелендіру көлеміне теңгерімді арақатынасын сақтауға бағытталған [1].

3	Франция	Мемлекеттің қатысу нысандары: мемлекеттік қаражатты пайдалану; мемлекеттің пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялауы. Жұмыс істеудің ерекше шарттары: несиелеу төмен пайыздық мөлшерлемелерді қарастырады. Ерекше режим: «Аграрлық қаржыландырудың тұрақты комитеті» арқылы аграрлық несиелендіруге қатысатын әртүрлі ұйымдарды үйлестіру, ол жалпы несиелеу көлемі және жылдар бойынша нақты сомаларға қатысты ұсыныстар дайындайды [2].
4	АҚШ	«Фермерлердің кірістерін тұрақтандыру» фермерлік қозғалысты қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді, оны жүзеге асыруға ауыл шаруашылығына бөлінген барлық бюджеттік қаражаттың 30-50%-ы бөлінеді, оның құрамына басқа бағдарламалар кіреді, мысалы «Бағаны қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы», «Егінді сақтандыру» және «Ауылшаруашылық несиесі» [3].
5	Жапония	Аграрлық саланың өз тауар өндірушілерін бағалық қолдаудың жарқын мысалы. Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу бағасы әлемдік бағадан бірнеше есе жоғары [4].
6	Польша	Мемлекеттік қолдау жеңілдетілген несиелер мен көмектің басқа түрлері түрінде жүзеге асырылады. Ұлттық аграрлық саясатқа сәйкес, коммерциялық несиелер ұйымдары поляк фермерлеріне 15 жылға дейін жылдық 9% несиелер береді, бұл мөлшерлеменің 7%-ы қарыз алушылар үшін несиелер берушілерге ауыл шаруашылығын қайта құрылымдау және жаңғырту агенттігі (ARiMR) өтейді. Сондай-ақ, коммерциялық банктер фермерлерге мынаны ұсынады: инвестициялық несиелер; фермерлер топтары үшін олардың кооперациясын, бірлескен сатылымын ынталандыратын арнайы несиелер [5].
7	Финляндия	Аграрлық саланы мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы қоры арқылы жүзеге асырылады, ол несиелер бойынша пайыздарды және жер учаскелеріне салынатын салықтарды мемлекеттік аудару есебінен қалыптастырылады. Қор ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ғимараттар мен коммуникациялар салуға, ауыл шаруашылығы жабдықтарын сатып алуға, жерді рекультивациялауға, өңірге байланысты жылдық 4-7% өнім тобын қалыптастыруға несиелер береді [6].
8	Қытай	Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау шаралары: тікелей төлемдер мен субсидиялар; салық саясаты; ауылдық инфрақұрылымды дамытуға инвестициялар; ауылдық тауар өндірушілерге несиелер беру; бағалық қолдау.

9	Ресей	Шағын агробизнесті және оның инвестициялық белсенділігін дамыту үшін 2021 жылдан бастап АӨК мемлекеттік бағдарламасына «Агропрогресс» жобаларын іске асыруға ШОБ (шаруа (фермер) қожалықтарынан басқа) субъектілері үшін гранттық қолдаудың жаңа түрі енгізілді. «Агропрогресс» грантының қаражаты есебінен іске асырылатын жобалар инвестициялық несиелік қаражаттың қатысуымен жобалық қаржыландыру қағидаттарында ғана іске асырылатын болады [7, 8].
10	Қазақстан	Қаржылық қолдау ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жалға алу, оны сатып алуға инвестициялар салу, ауыл шаруашылығы несиелері және жалға алу бойынша төленуге жататын пайыздарды субсидиялау, кооперативтердің ішкі аудитін субсидиялау, сондай-ақ «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі арқылы несиелеуді де, лизингті де оңайлату болып табылады.
11	Үндістан	Сауда және нарықтық шаралардан туындайтын баға антистимулдарының әсерін өтеу, елде өндірісті ынталандыру және оның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін ҒЗТҚЖ және инфрақұрылым сияқты жалпы қызметтерге өндіріс субсидиялары мен шығындары қолданылады.
12	Африка елдері	Африка елдері Африканың ауыл шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламасы аясында мемлекеттік шығындардың кем дегенде 10%-ы ауыл шаруашылығына бөлуге міндеттенеді.

Ескерту: дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

Экономикасы дамыған елдердің аграрлық секторында қаржыландырудың өзіндік ерекшелігі бар ауыл шаруашылығын несиелеу жүйесі жұмыс істейді.

Ұлыбританияда мамандандырылған аграрлық банк жоқ және ауыл шаруашылығына қатысты банктік саясат экономиканың басқа салалары сияқты қағидаттарға негізделген. Алайда, әртүрлі мемлекеттік субсидиялар коммерциялық банктер арқылы өтеді, бұл көптеген жағдайларда несиені жеңілдетеді [9].

Соңғы жылдары Германияда кооперативтік бірлестіктер тарапынан ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау деңгейі айтарлықтай өсті. Бұл субъектілер жылыжайларды қажетті отырғызу материалдарымен, электр энергиясымен қамтамасыз ету, мал шаруашылығы саласында көмек көрсету, оның ішінде мал ұрықтандыру және т.б. қызметтерді көрсетеді. Қазір Германияда Франциядағыдай кооперативтер барлық ауыл шаруашылық кәсіпорындарының 80%-ын біріктіреді. Германияда және ЕО-тың басқа елдерінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің сипаты аграрлық саясатпен анықталады.

Францияда «Аграрлық қаржыландырудың тұрақты комитеті» арқылы аграрлық несиелендіруге қатысатын әртүрлі ұйымдарды үйлестіру жүзеге асырылады.

Бұл жалпы несиелеу көлемі мен жылдарға қатысты нақты сомалар бойынша ұсыныстар дайындайды. Жұмыс істеудің ерекше шарттары ретінде төмен пайыздық мөлшерлемелер мен тарифтерді атап өткен жөн. Пайыздық мөлшерлемелер несиенің қолданылу мерзіміне және оның санатына байланысты қатаң ережелерге бағынады. Жеңілдік мөлшерлемелері 6-10%-ды құрайды [10].

АҚШ-та 1-кестеде көрсетілген бағдарламаларға сәйкес фермерлер Ауыл шаруашылығы министрлігінен өндірісті қаржыландыру үшін несиені алады, ал егін нарықтық бағамен сатылғаннан кейін қарызды қайтарады. Егер нарықтық бағалар Конгресс белгілеген бақылау деңгейінен төмен түссе, өнімдерді мемлекет сатып алады. Сонымен қатар, АҚШ-та мемлекет сұранысты ұлттық өндіруші қанағаттандыратын және артық ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу үшін шетелдік сатып алушыларға мақсатты несиелер беретін өнім түрлерінің импортын шектейді.

Жапонияның ауыл шаруашылығы біріккен ведомствоның – Жапонияның Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы министрлігінің құрамына кіреді және ел экономикасының дамуында маңызды рөл атқарады. Жапонияның ауылшаруашылық өндірісін мемлекеттік қолдауды талдау ауылшаруашылық өнімдерінің шамамен 80%-ы үкіметтік бағдарламалар мен іс-шараларға жататынын көрсетеді [11].

Польшада аграрлық сектор – халық шаруашылығының маңызды саласы болып саналады. Польшада агросектор жалпы қосылған құн құрылымында 3%-дан астамға және жұмыспен қамтылғандардың шамамен 14%-на ие. Польшада агроөнеркәсіптік саясатын әзірлейтін және жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік ұйым Ауыл шаруашылығы және ауылды дамыту министрлігі болып табылады. Аграршылардан бюджеттік қолдауға өтінімдерді екі құрылым қабылдайды және бағалайды: ауыл шаруашылығын қайта құрылымдау және жаңғырту Агенттігі (ARiMR) және аграрлық нарық Агенттігі (ARR). Бұл ретте ARR нарықтық интервенциялар саласында көмек көрсетеді, бұл мемлекеттік көмек қаражатының шамамен 10%-ын құрайды.

Финляндияның ауылдық жерлерін дамыту үшін қолданылатын қолдау жүйесіне ЕО қолдауы, ішінара ЕО қаржыландыратын қолдау схемалары және Ұлттық қолдау кіреді. Фермерлерді қолдау жүйесі ЕО-ның Жалпы ауылшаруашылық саясатының (CAP) шараларына негізделген. Қолдаудың осы түрлерінің ішіндегі ең маңыздысы – толығымен ЕО қаржыландыратын қолдау (тікелей қолдау, мысалы фермерлік шаруашылықтарды қолдау), қолайсыз аудандардағы фермерлерге көмек (LFA) және ішінара ЕО қаржыландыратын экологиялық ауыл шаруашылығын қолдау [12].

Финляндиядағы фермерлерді қолдау гранттар, несиені бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, мемлекеттік несиені кепілдігі немесе осы үш нысанның жиынтығы түрінде жүзеге асырылады.

Қытайдың ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу мен қолдаудың негізгі шаралары:

– тікелей төлемдер мен субсидиялар. Мемлекеттік төлемдер шаруаларға дәнді дақылдар алқабына байланысты төленеді, дегенмен төлемдер АҚШ және ЕО-мен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз деңгейде қалады. Сондай-ақ өндірушілерге

жоғары сапалы тұқым, асыл тұқымды мал және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға субсидиялар беріледі;

– салық саясаты. Өндірушіге салық жүктемесін азайту үшін мемлекет ауылшаруашылық салығын алып тастады;

– нарықтық инфрақұрылымды жетілдіру. Бұл топқа көтерме сауда нарықтарын, тауар биржаларын және фьючерстік нарықтарды құру және қолдау, электрондық коммерцияны дамыту және өнімді сақтау мен тасымалдауды қолдау шаралары кіреді;

– ауылдық инфрақұрылымды дамытуға инвестициялар. Бұл шаралар электрлендіру бағдарламаларын, ауылдық жолдар желісін салуды, сумен жабдықтау жүйелерін, оның ішінде өндірістік қажеттіліктерге, өндірістік базаны дамытуды қолдауды көздейді;

– ауылдық тауар өндірушілерге несие беру. Несиелік кооперативтерді қолдау, жеңілдетілген банктік несие беру;

– жерді қорғау. Мұндағы мемлекеттік реттеу егістік жерлерді ауылшаруашылық емес пайдалануға айырбастау немесе сату ережелерін қатаң сақтауға бағытталған;

– ауыл шаруашылығындағы ғылыми-зерттеу қызметін қолдау;

– азық-түліктің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Реттеу химиялық тыңайтқыштарды (Қытай тыңайтқыштарды қолдану бойынша әлемдік көшбасшы болғандықтан) және басқа да зиянды заттарды, азық-түлік сапасын және т.б. пайдалану стандарттарын әзірлеуге және енгізуге бағытталған;

– бағаны қолдау. Бағалар ірі өндірістік аудандарда астықтың белгілі бір түрлері бойынша сақталады. Бұл шара жедел және тұрақты емес. Бағаның белгілі бір деңгейін ұстап тұру үшін үкімет сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін сақтауға жеке дақылдар өндірісін ұлғайту бойынша әкімшілік нұсқаулар шығара алады [13].

Ресейлік ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдаудың артуы осы салада басқа салаларға қарағанда ертерек несие ресурстарының қолжетімділігін субсидиялау арқылы тікелей субсидиялаудан қолдауға көшу болғандығымен ерекшеленеді. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың заманауи жүйесі әлі де пайыздық мөлшерлемелерді өтеуге сүйенеді. 2013-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде «Бірыңғай субсидияны» қамтитын «Агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамыту» бағыты бойынша субсидияларды бөлудің, салада байланысты емес қолдау көрсетудің, өсімдік шаруашылығын дамытудың, сүтті мал шаруашылығында өнімділікті арттырудың жаңа тетігі енгізілді, ол «Өтемдік» және «Ынталандырушы» субсидиялар шеңберінде іске асырылды, бұл аймақтарға бөлінген бюджет қаражатын бөлу арқылы олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді [14].

Үндістанның азық-түлік және ауылшаруашылық саясаты дәстүрлі түрде тұтынушыларды қорғауға бағытталған және экспорттық шектеулер (атап айтқанда бидай, күріш пен сүттің әртүрлі сорттарына) арқылы азық-түліктің қол жетімді бағасын қамтамасыз етуді және баға белгілеу мен мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік азық-түлік қорларын құру және ауылшаруашылық тауарларының кең ассортиментін тарату арқылы сатудың реттілігін көздейді.


Сахараның оңтүстігіндегі Африканың бірқатар елдерінде соңғы уақытта тұтынушыларға субсидия көлемі өсті. Бұл қолданыстағы бюджеттік шектеулер

аясында аз қаржылық қолдау ала бастаған өндірушілерге зиян тигізеді, ақша аударымдары, заттай көмек және мектептегі тамақтану бағдарламалары кеңейтілді [15].

Жалпы қолдауды бағалау (TSE) ЭЫДҰ қолдау көрсеткіштерінің ішіндегі ең кеңі болып табылады. Ол үш бөлек элементті біріктіреді: а) ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жеке трансферттер; б) бастапқы ауыл шаруашылығы секторы үшін барлық саясат шығындары; в) ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынушыларға бюджеттік қолдау. TSE оң және теріс элементтерді қамтитын таза трансферттердің көрсеткіші ретінде көрсетіледі.

Өндірушілерді қолдауды бағалау (PSE) ауыл шаруашылық өндірушілеріне барлық аударымдарды жеке өлшейді. Трансферттердің екі негізгі түрін ажыратуға болады: Нарықтық бағаны қолдау (MPS) ішкі және сауда саясатына байланысты халықаралық анықтамалық бағадан жоғары ішкі бағалар арқылы салық төлеушілер мен тұтынушылардан ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілетін трансферттерді білдіреді. MPS сонымен қатар теріс болуы мүмкін, бұл анықтамалық бағадан төмен ішкі бағалар арқылы өндірушілерден тұтынушыларға трансферттерді білдіреді. Бюджеттік қолдауды тек салық төлеушілер қаржыландырады және одан әрі базалық саясатты әр түрлі жүзеге асырумен ерекшеленетін әртүрлі санаттарға бөлінеді. PSE көрсеткіші оң және теріс элементтерді қамтитын таза трансферт ретінде көрсетіледі.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, «ЭЫДҰ-ның 2023 ауыл шаруашылық саясатының мониторингі мен бағалауына» енгізілген 54 елдің арасында ауыл шаруашылығын қолдаудың жалпы көлемі 2020-2022 жылдар аралығында жылына орта есеппен 851 миллиард АҚШ долларын құрады (1-сурет).



Сурет 1 Ауыл шаруашылығын қолдау құрылымы, елдер бойынша барлығы, 2020-2022 жж.
Ескерту: дереккөз негізінде құрастырылған [16]

Өндірушілерге берілетін трансферттер 20%-ға өсті, ал ауыл шаруашылығын тұтынушыларға бюджеттік қолдау 2017-2019 жылдармен салыстырғанда 2020-2022 жылдары екі есеге жуық өсті.

2020-2022 жылдардағы жалпы соманың 630 миллиард доллары (жалпы қолдаудың 74%) өндірушілерге тікелей мемлекеттік бюджеттерден немесе жанама түрде нарықтық бағаны қолдау (MPS) арқылы келеді. Қолдаудың қалған бөлігі жалпы қызметтерді қолдау (106 миллиард АҚШ доллары, 12,5%) және ауылшаруашылық өнімдерін тұтынушыларға бюджеттік трансферттер (115 миллиард АҚШ доллары, 13,5%) арасында тең бөлінді. Сонымен қатар, экономикасы дамып келе жатқан кейбір елдер экспорттық салықтар және ішкі нарықтағы бағаны басатын басқа шаралар арқылы өз өндірушілеріне жанама түрде салық салды. Бұл жасырын салық 2020 және 2022 жылдар аралығында орташа есеппен жылына 179 миллиард АҚШ долларын құрады.

Кіріс деңгейі бойынша елдердің әртүрлі топтарында өндірушілерді қолдау әртүрлі құрылымға ие (2-кесте).

Табысы орташадан төмен және табысы төмен елдерде қолдау дәстүрлі түрде аз қамтылған тұтынушыларды қорғау түрінде болды және ішкі бағаларды төмен деңгейде ұстауға және ауыл шаруашылығы секторы үшін жасырын антистимулдар жасауға бағытталған сауда және нарықтық саясат шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Табысы орташа деңгейден төмен елдерде фермерлер үшін баға антистимулдары үнемі жасалады, бірақ кейбір жағдайларда олар өндіріс факторларына субсидия түрінде қолдау алады.

Кесте 2. Кіріс деңгейі бойынша елдер топтарындағы аграрлық азық-түлік секторын қолдау, 2019-2022 жж.

Кіріс деңгейі бойынша елдер топтары	Фермерлік шаруашылықтардың жалпы кірісіне қатысты өндірушілерді қолдауды бағалау (% PSE)	Өндірушілердің жиынтық жалпы трансферттеріндегі ықтимал неғұрлым бұрмалаушы трансферттердің үлесі (%)	Ауыл шаруашылығы өнімінің құнын ескере отырып, жалпы қызмет көрсетуді қолдауды бағалау (%)	Өндіруші бағасының шекаралық бағаға қатынасы	ЖІӨ-ге қатысты жалпы қолдауды бағалау (% TSE)
Табысы жоғары елдер	27,1	58,9	1,35	4,9	0,73
Табысы орташа деңгейден жоғары елдер	10,4	73,7	1,07	1,3	1,1
Табысы орташа деңгейден төмен елдер	3,5	91,2	1,0	2,9	0,8

Табысы төмен елдер	2,6	95,0	1,02	1,5	0,3
--------------------	-----	------	------	-----	-----

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырылған [17, 18, 19]

Табысы жоғары елдердің қатарына кіретін Австралиядағы ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау (PSE) ЭЫДҰ-дағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі болып табылады және 2019-2022 жылдарға арналған жалпы фермерлік түсімдердің 3,1%-ын құрайды, жалпы ауыл шаруашылығын қолдау (TSE) ЖІӨ-нің 0,2%-ына тең. АҚШ-тағы ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен төмен. Өндірушілерге қолдау 2019-2022 жылдардағы жалпы кірістің орта есеппен 11%-ын құрады, бұл 1980 жылдардың ортасы мен 2000 жылдардың басында өлшенген 20%-дан айтарлықтай төмен, бірақ он жыл бұрынғыдан жоғары. Норвегиядағы ауыл шаруашылығын қолдау ЭЫДҰ елдеріндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады және негізінен нарықтық ынталандыруды ең бұрмалайтын санаттағы нысандардан тұрады. Өндірушілерге берілетін трансферттер 2019-2022 жылдары ауыл шаруашылығынан түсетін жалпы түсімдердің ең көп үлесін құрады (52%).

Табысы орташа деңгейден жоғары елдер қатарына кіретін Бразилия ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілетті экспорттаушысы болып табылады, оны экспорттың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі және секторды қолдау мен қорғаудың төмен деңгейі көрсетеді. Фермерлердің жалпы кірісінің (PSE) үлесі түріндегі өндірушілерді қолдау 2000-2002 жылдардағы 7,6%-дан 2019-2022 жылдары 2,3%-ға дейін төмендеді. Дегенмен, ішкі бағалар халықаралық нарықтық бағаларға толығымен сәйкес келеді және өндіруші бағасының шекарадағы бағаға қатынасы (NPC) бірліктен сәл жоғары. Өндірушілерді қолдау сонымен қатар салынған төлемдер, атап айтқанда жеңілдік мөлшерлемесі бойынша несие және егінді сақтандыру арқылы жүзеге асырылады. Қытай Халық Республикасында ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау үлесі 2019-2022 жылдары ауыл шаруашылығынан түсетін жалпы түсімдердің орта есеппен 14,8%-ын құрады. Бұл 2000-2002 жылдардағыдан үш есе жоғары, бірақ соя, рапс, мақта және жүгері үшін нарықтық интервенцияларға, сондай-ақ сатып алудың ең төменгі бағасына қатысты реформалар жүргізілген 2016-2018 жылдардағы (14,5%) орташа қолдау деңгейінде қалады. Бұл реформалар жиырма жылдық тұрақты өсуден кейін қолдау деңгейлерін тұрақтандырды. Түркияның ауыл шаруашылығы өндірушілеріне фермерлік шаруашылықтардан түсетін жалпы түсімдердің үлесі түріндегі трансферттері ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен сәл асады. Өндірушілерді қолдау 2000-2002 жылдардағы 24%-бен салыстырғанда 2019-2022 жылдардағы фермерлердің жалпы түсімдерінің шамамен 20%-ын құрады. Қолдаудың көп бөлігі экспорттаушылардың қарыздарын қысқартумен және мемлекеттік кәсіпорындарға капитал құюмен бірге тарифтермен қамтамасыз етілген нарықтық бағаны қолдау (MPS) түрінде болады. Бұл ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіштен едәуір жоғары.

Табысы орташа деңгейден төмен елдер қатарына кіретін Үндістандағы өндірушілерді қолдауға жалпы шаруашылық түсімдерінің 8,6%-на сәйкес келетін бюджет шығыстары, қолдау көрсетілетін тауарлар үшін жалпы шаруашылық түсімдерінің +2,0%-ы оң нарықтық баға қолдауы (MPS) және салық салынатындар үшін -17%-ы теріс MPS кіреді. Соңғы екі онжылдықта өндірушілердің қолдауы теріс болды, бірақ айтарлықтай өзгерді. Өндірушілерді қолдауды теріс бағалау отандық өндірушілерге орташа есеппен жанама түрде салық салынғанын көрсетеді, өйткені фермерлерге бюджеттік төлемдер күрделі ішкі сату ережелері мен сауда саясаты шараларының бағаны төмендететін әсерін өтемеді. Жалпы өндірушінің барлық дерлік трансферттері (оң немесе теріс болсын) өндіріс пен сауданы ең көп бұрмалайтын нысандарға ие. Украинадағы ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдау, өндірушілерді қолдау (ОПП) бағасымен өлшенеді, басқа елдермен салыстырғанда төмен. PSE соңғы үш онжылдықта тұрақсыз болды, негізінен нарықтық бағаны қолдаудың (MPS) өзгеруіне байланысты. Алайда, соңғы жылдары PSE ауытқулары нөлге дейін төмендеп, 2019-2022 жылдардағы жалпы шаруа қожалықтарының орташа 1,7% құрады.

Табысы төмен елдер қатарына кіретін Оңтүстік Африка 1990-шы жылдардың ортасындағы реформалар кезінде ауыл шаруашылығын қолдауды қысқартты, ал 2010 жылдан бастап фермерлік шаруашылықтарды қолдау жалпы фермерлік түсімдердің 5%-дан төмен болды. 2019-2022 жылдары ауыл шаруашылығын қолдау фермерлік шаруашылықтардан түсетін жалпы түсімдердің 2,6% құрады.

Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары елдер қатарына кіреді. Қазақстанда өндірушілерді қолдау 2000-2002 жылдардағы фермерлік шаруашылықтардың жалпы табысының 8,5%-дан 2019-2022 жылдары 6,4%-ға дейін төмендеді. Өндірушілердің ықтимал бұрмаланатын жалпы трансферттерінің үлесі 2000-шы жылдардың басында орта есеппен 98%-дан 2019-2022 жылдары 80%-ға дейін төмендеді, бұл негізінен нарықтық бағаны қолдауды (MPS) қоса алғанда, өнім негізінде және өзгермелі ресурстарды шектеусіз пайдалану арқылы жүзеге асты. Айнымалы ресурстарды пайдалануға және негізгі капиталды жинауға негізделген қолдау өндірушілерге бюджеттік аударымдардың көп бөлігін құрайды. Кейбір ауылшаруашылық тауарларының ішкі бағасы әлемдік бағадан төмен болды, бұл MPS жиынтық көрсеткішін 2019-2022 жылдардағы фермерлік шаруашылықтардың жалпы кірісінің шамамен -1%-ын құрады. Жекелеген тауарлар бағасының айырмашылығын көрсете отырып, 2019-2022 жылдардағы жекелеген тауарлар бойынша трансферттер күріш, күнбағыс және жүгері үшін теріс болды, ең үлкен оң трансферттер арпа мен бидайға түсті. Жалпы қызмет көрсетуді қолдау (GSSE) 2019-2022 жылдардағы ауыл шаруашылығын бюджеттік қолдаудың жалпы көлемінің 15%-ын құрады және ауыл шаруашылығы өндірісі құнының 1,9%-на сәйкес келді. Оның ішінде инспекция және бақылау шығындары 39%, ал инфрақұрылым шығындары (негізінен суару және дренаж, сондай-ақ цифрлық жер кадастрын құру) 38%-ға жетті. Ауыл шаруашылығын қолдаудың жалпы көлемі (TSE) 2000 жылдардың басындағы ЖІӨ-нің 1,6%-дан 2019-2022 жылдары 1,1%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, Қазақстан республикасының агроөнеркәсіптік кешені саласында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау АӨК субъектілері

үшін жеңілдікті салық салуды енгізу, субсидиялар беру, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жеңілдікті несиелермен қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлерін көздейді:

– Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау;

– Технологиялық жабдықтардың несиелері мен лизингіне, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау.

АӨК индустриялық дамуын ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын ұйым «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және оның еншілес ұйымдары: «Аграрлық несиелер корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ болып табылады.

ҚР қаржы құралдары бойынша субсидиялаудың барлық бағыттары өзгеріссіз қалады:

– бағытына байланысты 15%-дан 80%-ға дейінгі нормативтермен инвестициялық субсидиялау;

– қарыз алушы үшін мөлшерлемені жылдық 6%-ға дейін төмендете отырып, несиелер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

– сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау. Норматив 50%-дан 80%-ға дейін ұлғайтылды, бұл барлық туындайтын тәуекелдерді азайтуға, сақтандырылған егіс алқаптарын кеңейтуге, сондай-ақ мал мен құстарды сақтандыруды ұлғайтуға мүмкіндік береді;

– кепілдік мөлшері негізгі борыштан 50%-ға дейін, басым бағыттар бойынша 85%-ға дейін қарыздарға кепілдік беруді сақтандыруды субсидиялау.

Инвестициялық субсидиялаумен АӨК-нің 34 басым бағыты қамтылды.

Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асырудың жыл сайынғы тәжірибесі бюджет қаражатының негізгі көлемі орта есеппен 50% ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартуға тиесілі екенін көрсетеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша бюджет қаражатының негізгі көлемі 67,7 млрд теңгеден астам немесе 65% ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялауға тура келді. 2019-2022 жылдары сатып алынған техника субсидиялаумен қамтылды. Шамамен 13,3 млрд теңге немесе 13% мал шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобаларды субсидиялауға, өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларды қолдауға 23 млрд теңге немесе 22% бағытталды.

Жүргізілген талдаудан көріп отырғанымыздай, аграрлық өндіріс үшін ең қолайлы табиғи-климаттық және географиялық жағдайлары бар елдер, мысалы, Норвегия, Исландия, Жапония, Корея ауыл шаруашылығы өндірушілеріне барынша ауқымды қолдау көрсетеді. Мемлекеттік қолдау көлемі елдің табыс деңгейіне тікелей байланысты. Экономикалық дамыған мемлекеттердің көпшілігі ынталандырушы аграрлық саясатты жүргізеді, оның мазмұны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге түрлі

субсидиялар мен жеңілдіктер беру болып табылады. Оның негізгі құралдары өтемақы төлемдері, табиғи апаттардан келген залал кезіндегі төлемдер, ауыл шаруашылығы тауарлары нарығын бағалық реттеу, кедендік-тарифтік саясат, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға қаражат бөлу, агролизинг және басқалар болып табылады. Мемлекеттік қолдаудың осы көздерін толыққанды пайдалану ҚР аграрлық бюджетін абсолютті шамада да, ЖІӨ-ге қатысты да ұлғайтуды талап етеді.

Осылайша, ҚР аграрлық секторын мемлекеттік қолдауды талдау мынадай негізгі проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді:

- АӨК-нің төмен инвестициялық тартымдылығы;
- банктік несиелерге қолжетімділіктің төмен дәрежесі және несиелер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге мемлекеттік емес қаржы секторын ынталандырудың болмауы;
- саланы қаржыландыру үшін квазимемлекеттік даму институттары ресурстарының шектелуі;
- кепілді қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, өтімділігі төмен болғандықтан ауыл шаруашылығы жерлерінің тартымсыздығы;
- фермерлердің қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі;
- субсидия алушының қарсы міндеттемелерінің және субсидиялардың нәтижелілігін көрсететін нақты, оңай бақыланатын индикаторлардың болмауы;
- субсидиялауды тиімді жоспарлау және мониторингілеу жүйесінің болмауы.

Қорытынды

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау тетіктерін енгізудің шетелдік тәжірибесіне жүргізілген талдау ауыл шаруашылығы саласын дамыту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолайлы қаржылық жағдайлар жасауда мемлекеттің белсенді рөлін айғақтайды.

Саясаттың әртүрлі құралдарын қолдауды талдау көрсеткендей, бағаны ынталандыру және бюджеттік субсидиялау табысы жоғары елдерде жиі қолданылады және бұл шаралар бірқатар кірісі орташа елдерде, әсіресе олардың ең ауқатты елдерінде де танымал болып келеді. Табысы төмен елдерде дәстүрлі түрде тұтынушыларға төмен бағамен азық-түлікке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін фермерлерге бағаға қарсы ынталандырулар жасайтын саясат жүргізілді. Бұл елдерде өндірушілер мен тұтынушыларға бюджеттік субсидиялар беру және бүкіл аграрлық азық-түлік секторы пайдалана алатын жалпы қызметтерді қаржыландыру үшін ресурстар шектеулі.

Елдер қолдау көрсету тәсілдерімен ерекшеленеді. Қытай секторға оң нарықтық бағаларды қолдау түрінде барлық қолдауды ұсынады, ал Үндістан өндірушілердің өзгермелі ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдерінің жоғары деңгейін, сондай-ақ тұтынушыларға бюджеттік қолдауды қамтамасыз етеді. Үндістанда жалпы қолдау жоғары болғанымен, оның ішкі бағаны басу саясаты ауылшаруашылық секторын теріс таза қолдауға әкеледі.

Қаржылық қолдау шараларына қарамастан, еңбек өнімділігінің төмендігі және өндірістің ұсақ тауарлылығы Қазақстан республикасы ауыл шаруашылығына тән белгілері болып қала береді. Қазақстанда ауыл шаруашылығын қолдау стратегияларының көпшілігі әлі де белгілі бір мақсаттармен нашар келісілген.

ЭБДҰ сарапшылары ауыл шаруашылығына жалпы жылдық мемлекеттік қолдаудың шамамен 80%-ы жекелеген ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ұсынылғанын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, инфрақұрылым сияқты жалпы қызметтердің аз ғана бөлігі (14%) болғанын атап көрсетеді. Қолданыстағы субсидиялау жүйесінің тиімділігі бойынша да сұрақтар бар. Қолданыстағы субсидиялау жүйесі нақты алдын ала белгіленген нәтижелерге қол жеткізуді, тиімді технологияларды міндетті түрде енгізуді және т.б. көздемейді. Сонымен қатар, соңғы жылдар субсидиялау түрлері мен шарттарының тұрақсыздығымен сипатталады, оның түпкілікті критерийлері пысықталмаған. Мұның бәрі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің наразылығын тудырады.

Аграрлық секторды қаржылық қолдаудың шетелдік тәжірибесін зерттей келе, экономикасы дамыған елдердің АӨК саласын мемлекет түрлі бағдарламалар арқылы қолдайтынын көре аламыз. Бұл өз кезегінде саланың тиімді экономикалық дамуының нәтижелеріне әсер етеді.

Дамыған және дамушы елдердің ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау шараларын талдай отырып, Қазақстан агроөнеркәсібінің дамуын арттыру үшін келесідей ұсыныстарды келтіруге болады:

1) ЕО елдеріндегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау жүйесі мынадай бағыттарды біріктіреді: 1) кредиттік ұйымдар арқылы мемлекеттік қарыздарды, коммерциялық банктермен несие пайызын төмендету туралы шарттарды көздейтін кредиттік бағдарламалар; 2) ауыл шаруашылығы өнімінің қандай да бір түрін сату көлемін ұлғайтуға бағытталған іске асыру бағдарламалары; 3) бір жағынан сауда кедергілерін алып тастауға және экспорттық-импорттық жеткізілімдерді реттеуге, екінші жағынан - экспорттық-импорттық операцияларды кедендік-тарифтік реттеу жолымен отандық өндірушілерді қорғауға бағытталған халықаралық сауда бағдарламалары; 4) тауарлардың сұранысы мен ұсынысын теңестіру мақсатында ауыл шаруашылығы өндірісі көлемін реттеу бағдарламалары, мысалы, бірқатар дақылдардың егіс алқаптарын консервациялау, қысқарту жолымен жерді айналымнан шығару бағдарламалары.

2) Қолдау деңгейі әр түрлі елдерде түрліше болды. Орташа алғанда, 2020-2022 жылдары өндірушілерді қолдау ауыл шаруашылық өнімдері құнының 5%-ын немесе одан азы Бразилияда, Оңтүстік Африкада, Жаңа Зеландияда және Украинада байқалды, Норвегия, Швейцария және Исландияда 70%-дан астамын көрсетті. Аргентина, Вьетнам және Үндістанда таза қолдау теріс болды.

3) Субсидиялар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты және мемлекеттік қолдаусыз субсидиялау қағидаларының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, жағдайды жақсы жаққа өзгерту қиын болатын АӨК-нің басым бағыттарына бағытталуы тиіс.

4) Қазақстанға әр түрлі мемлекетаралық интеграция жағдайында ішкі ауылшаруашылық өндірушілерді қорғау мақсатында баға белгілеу саясатын жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Елімізде ауылшаруашылығында бағаны қолдау іс-шаралары мүлде жүргізілмейді деп айтуға болады, ал көптеген шет елдерде бұл бағыт мемлекеттік қолдаудың басты бағыттарының бірі болып отыр. Сонымен қатар, Қазақстанға өткізу кооперациясын және ауыл шаруашылығы үшін инфрақұрылым құрубойынша тәжірибені қабылдау, сондай-ақ АӨК мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығы және аграрлық ғылымды қаржыландыруды арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет.

5) Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі мемлекеттік қаржыландырудың қағидаттары мен нысандары ауыл шаруашылығы салаларын қолдаудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс. Олар аграрлық секторға жан-жақты қаржылық көмек көрсетеді. Қазақстанда экономикасы дамыған елдерде қолданылатын ауыл шаруашылығы саласын реттеу мен қолдаудың мынадай тетіктері мен құралдары пайдаланылуы мүмкін: 1) өндірушілердің кірістеріне кепілдік беретін баға саясаты; 2) нарықты дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын және ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз ететін тауарларды барлық көліктік тасымалдауды бюджеттік қаржыландыру; 3) аграрлық өндірісті дамытудың өңірлік бағдарламаларын қаржыландыру; 4) жанама қаржы саясатының құралдары (салық салу, экспорттық және импорттық кедендік тарифтер мен квоталар).

Қорытындылай келе, нарықтық экономикасы дамыған елдердің ауылшаруашылық саласында әртүрлі және жақсы жолға қойылған мемлекеттік қолдау жүйесінің бар екенін көре аламыз. Мемлекет қолдауының нәтижесінде дамыған елдердегі ауыл шаруашылығы жергілікті нарықты ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етіп, көптеген елдерге импорттаушы болып табылады. Біз осы елдердің тәжірибесін Қазақстанның климаттық, экономикалық және саяси жағдайларына бейімдей отырып пайдалануымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Бурых Е.С. Зарубежный опыт организации сельскохозяйственного кредитования // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2012. - № 1(87). – С. 106-110
2. Полянская Н.М., Колесняк А.А., Колесняк И.А. Государственная финансовая поддержка развития агропродовольственного сектора: опыт ведущих зарубежных стран // Экономические отношения. – 2020. – Т. 10. № 3. – С. 857-878. doi: 10.18334/eo.10.3.110746
3. Алимкулова Э.С., Айтмуханбетова Д.А. Государственное регулирование отрасли сельского хозяйства // Проблемы агрорынка. – 2020. - № 4. – С. 47-53. doi./10.46666/2020-4-2708-9991.05
4. Селезнев А.Г. Зарубежный опыт развития фермерских хозяйств и перспективы его применения в России // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. № 1. – С. 245-260. doi: 10.18334/rp.20.2.39971

5. Юсуфов Р.А. Зарубежный опыт адаптации аграрного сектора к условиям ВТО: уроки для импортозамещения в АПК России // Экономика сельского хозяйства России. – 2014. – № 12. – С. 78-84
6. Рыкова И.Н., Шкодинский С.В., Юрьева А.А. Опыт отдельных стран Европейского Союза в поддержке агропромышленного комплекса // Вестник Тверского государственного университета. Серия: Экономика и управление. – 2019. - № 1. – С. 166-174
7. Denisova D.A., Levanova N.G., Dibrova Z.N., Isakova G.K., Hafizov D., Lizina O.M. Indicators of state financial support for capital reproduction in the agricultural economic sector: The European Union and Russia // Universal Journal of Agricultural Research. – 2021. – Vol. 9. n. 5. - P. 176-183. doi: 10.13189/ujar.2021.090504
8. Parkhomchuk M.A., Sentishcheva E.A., Kuzmina V.M., Golovin A.A. Increasing the state regulation efficiency of the agro-industrial complex // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. - 2021. 1010(1), 012115. doi:10.1088/1755-1315/1010/1/012115
9. Кучин С.А. Мировой опыт финансовой поддержки аграрного сектора экономики и возможность его адаптации в России // Управление экономическими системами: электронный научный журнал. – 2012. - № 8(44). – С. 27-44
10. Бугай Ю.А., Кранц Ю., Сергеев О.Ю. Зарубежный опыт государственного регулирования аграрного сектора // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2016. - № 12(146). - С. 174-180
11. Морковин Д.Е. Анализ зарубежного опыта государственной поддержки агропромышленного комплекса и возможности его использования в России в условиях импортозамещения // Сельское хозяйство. – 2018. - № 3. – С. 9-19
12. Полушкина Т.М., Якимова О.Ю., Коваленко Е.Г., Акимова Ю.А., Кочеткова С.А., Королева Т.П. Органическое сельское хозяйство в системе устойчивого развития сельских территорий: учебник/ под общ. ред. Т.М. Полушкиной. – Саранск: Изд-во: Мордов. ун-т, 2019. - 284 с.
13. Вахрушев Н.П., Севастьянов Д.Б. Зарубежный опыт государственного регулирования сельского хозяйства // Экономика сельского хозяйства России. - 2016. - № 3. - С. 13-19
14. Холодова М.А. Основные направления совершенствования механизмов реализации государственной поддержки аграрного сектора // Beneficium. - 2022. - № 3(44). – С. 73-82. doi: 10.34680
15. Pernechele V., Fontes F., Baborska R., Nkuingoua J., Pan X. & Tuyishime, C. 2021. Public expenditure on food and agriculture in sub-Saharan Africa: trends, challenges and priorities. Rome, FAO. <https://doi.org/10.4060/cb4492en>
16. Мониторинг и оценка аграрной политики 2022. [Электрон. ресурс]. – URL:https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2022_7f4542bf-en / (дата обращения: 23.06.2022)
17. Положение дел в области продовольственной безопасности и питания в мире. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.fao.org/3/cc0639ru/online/sofi-2022/food-agricultural-policy-support.html/> (дата обращения: 15.12.2022)
18. Мониторинг и оценка аграрной политики 2020. [Электрон. ресурс]. – URL:https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2020_928181a8-en/ (дата обращения: 30.06.2020)

19. Мониторинг и оценка аграрной политики 2021. [Электрон. ресурс]. – URL:https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2021_2d810e01-en/ (дата обращения: 22.06.2021)

Д.С. Махметова, Э.Б. Тлесова, Е.К. Молдакенова
*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Зарубежный и отечественный опыт финансовой поддержки аграрного сектора

Аннотация. В условиях новой глобальной реальности приоритетное значение отводится ускоренному развитию аграрного сектора. В ближайшее время производство и переработка сельхозпродукции должны стать основным источником диверсификации и драйвером экономического роста. Отсюда вытекает задача – как можно стабильнее поддерживать и финансировать данную отрасль экономики. Цель научной статьи - изучение основных направлений финансовой поддержки аграрного сектора зарубежных стран и систематизация отечественного опыта государственного регулирования сельскохозяйственного производства. В ходе исследования использовались методы статистического и сравнительного анализа, обобщения, системного подхода, логический, синтетический метод. В результате исследования были определены основные направления финансовой поддержки аграрного сектора стран с высоким, средним и низким уровнем дохода: обеспечение рентабельности сельскохозяйственного производства путем установления и регулирования рыночных цен на сельхозпродукцию; различные субсидии, компенсационные выплаты для целевого использования по приоритетным направлениям; выплаты финансовых средств, величина которых зависит от размеров посевных площадей. Анализ особенностей финансирования отечественного аграрного сектора выявил, что государственная поддержка предпринимательства в этой сфере осуществляется путем предоставления субсидий, обеспечения льготным кредитованием и т.д. По результатам анализа были выявлены проблемы данной отрасли, а также определено, что действующая система субсидирования не предусматривает заранее определенных результатов и требует дальнейшей отработки. В качестве выводов можно отметить, что проведенный анализ зарубежного опыта финансовой поддержки свидетельствует об активной роли государства в создании благоприятных условий для развития данной сферы. Считаем возможным при проведении налоговой и кредитной политики использовать опыт зарубежных стран в области предоставления поддержки сельского хозяйства.

Ключевые слова: аграрный сектор, субсидии, государственная поддержка, кредитование, сельское хозяйство, регулирование, финансирование.

D.S. Makhmetova, E.B. Tlessova, Y.K. Moldakenova
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Foreign and domestic experience of financial support
of the agricultural sector**

Abstract. In the conditions of the global reality, priority is given to the development of the agricultural sector. In the near future, the production and processing of agricultural products should become a source of diversification, and a driver of economic growth. Hence, it is necessary to support and finance this industry. Therefore, the purpose of the scientific article is to study the main directions of financial support for the agricultural sector of foreign countries and systematize the domestic experience of state regulation of agricultural production. In the course of this study, methods of statistical and comparative analysis, generalization, system approach, logical, synthetic method were used. As a result of this study, the main directions of financial support for the agricultural sector of countries with high, medium and low income levels were identified: ensuring the profitability of agricultural production through the establishment and regulation of market prices for agricultural products; various subsidies for targeted use in priority areas; various compensation payments; payments of financial resources, the amount of which depends on the size of acreage. The analysis of the specifics of financing the domestic agricultural sector revealed that state support for entrepreneurship in this area is carried out by introducing preferential taxation for subjects of the agro-industrial complex, providing subsidies, providing preferential loans, etc. The features of financing of the domestic agricultural sector are analyzed, the problems existing in this industry are identified. Conclusions - the conducted analysis of foreign experience testifies to the active role of the state in creating favorable conditions for the development of the agricultural sector. We consider it possible to use the experience of foreign countries in the field of providing support to agriculture during conducting tax and credit policy.

Keywords: agricultural sector, subsidies, state support, lending, agriculture, regulation, financing.

References

1. Buryh E.S. Zarubezhnyj opyt organizacii sel'skhozjajstvennogo kreditovaniya [Foreign experience in the organization of agricultural lending]. Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta - Bulletin of the Altai State Agrarian University, 1 (87), 106-110(2012). [in Russian]
2. Poljanskaja N.M., Kolesnjak A.A. & Kolesnjak I.A. Gosudarstvennaja finansovaja podderzhka razvitija agroproduktivnogo sektora: opyt vedushhix zarubezhnyh stran [State financial support for the development of the agro-food sector: the experience of leading foreign countries]. Jekonomicheskie otnoshenija - Economic relations, 10, 3, 857-878(2020). – doi: 10.18334/eo.10.3.110746. [in Russian]
3. Alimkulova Je.S. & Ajtmuhanbetova D.A. Gosudarstvennoe regulirovanie otrasli sel'skogo hozjajstva [State regulation of the agricultural sector]. Problemy agrorynka - Problems of agrimarket, 4, 47-53(2020). <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.05>. [in Russian]

4. Seleznev A.G. Zarubezhnyj opyt razvitiya fermerskih hozjajstv i perspektivy ego primenenija v Rossii [Foreign experience in the development of farms and prospects for its application in Russia]. *Jekonomicheskie otnoshenija - Economic relations*, 9, 1, 245-260(2019). – doi: 10.18334/rp.20.2.39971. [in Russian]
5. Jusufov R.A. Zarubezhnyj opyt adaptacii agrarnogo sektora k uslovijam VTO: uroki dlja importozameshhenija v APK Rossii [Foreign experience in adapting the agricultural sector to WTO conditions: lessons for import substitution in the Russian agro-industrial complex]. *Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii - The economy of agriculture in Russia*, 12, 78-84(2014). [in Russian]
6. Rykova I.N., Shkodinskij S.V. Jur'eva A.A. Opyt otdel'nyh stran Evropejskogo Sojuza v podderzhke agropromyshlennogo kompleksa [The experience of individual countries of the European Union in supporting the agro-industrial complex]. *Vestnik Tverskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Jekonomika i upravlenie - Bulletin of Tver State University. Series: Economics and Management*, 1, 166-174(2019). [in Russian]
7. Denisova D.A., Levanova N.G., Dibrova Z.N., Isakova G.K., Hafizov D. & Lizina O.M. Indicators of state financial support for capital reproduction in the agricultural economic sector: The European Union and Russia. *Universal Journal of Agricultural Research*, Vol. 9, 5, 176-183(2021). DOI: 10.13189/ujar.2021.090504.
8. Parkhomchuk M.A., Sentishcheva E.A., Kuzmina V.M. & Golovin A.A.. Increasing the state regulation efficiency of the agro-industrial complex. *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*, 1010(1), 012115. (2021). DOI:10.1088/1755-1315/1010/1/012115.
9. Kuchin S.A. Mirovoj opyt finansovoj podderzhki agrarnogo sektora jekonomiki i vozmozhnost' ego adaptacii v Rossii [World experience in financial support of the agricultural sector of the economy and the possibility of its adaptation in Russia]. *Upravlenie jekonomicheskimi sistemami: jelektronnyj nauchnyj zhurnal - Management of economic systems: electronic scientific journal*, 8(44), 27-44(2012). [in Russian]
10. Bugaj Ju. A., Kranc Ju. & Sergeev O.Ju. Zarubezhnyj opyt gosudarstvennogo regulirovanija agrarnogo sektora [Foreign experience of state regulation of the agricultural sector]. *Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta - Bulletin of the Altai State Agrarian University*, 12 (146), 174-180(2016). [in Russian]
11. Morkovin D.E. Analiz zarubezhnogo opyta gosudarstvennoj podderzhki agropromyshlennogo kompleksa i vozmozhnosti ego ispol'zovanija v Rossii v uslovijah importozameshhenija [Analysis of foreign experience of state support of the agro-industrial complex and the possibility of its use in Russia in the context of import substitution]. *Sel'skoe hozjajstvo - Agricultural industry*, 3, 9-19(2018). [in Russian]
12. Polushkina T.M., Jakimova O.Ju., Kovalenko E.G., Akimova Ju.A., Kochetkova S.A. & Koroleva T.P. Organicheskoe sel'skoe hozjajstvo v sisteme ustojchivogo razvitiya sel'skih territorij [Organic agriculture in the system of sustainable rural development]. Saransk: Mordov. un-t, 284 p. (2019). [in Russian]
13. Vahrushev N.P. & Sevast'janov D.B. Zarubezhnyj opyt gosudarstvennogo regulirovanija sel'skogo hozjajstva [Foreign experience of state regulation of agriculture]. *Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii - The economy of agriculture in Russia*, 3, 13-19(2016). [in Russian]
14. Kholodova M.A. The main directions of improving the mechanisms of implementation of state support for the agricultural sector [The main directions of improving the mechanisms for the implementation of state support for the agricultural sector]. *Beneficium*, 3 (44), 73-82. DOI: 10.34680/BENEFICIUM.2022.3(44).73-82(2022). [in Russian]

15. Pernechele V., Fontes F., Baborska R., Nkuingoua J., Pan X. & Tuyishime, C. (2021). Public expenditure on food and agriculture in sub-Saharan Africa: trends, challenges and priorities. Rome, FAO. <https://DOI.org/10.4060/cb4492en>

16. Monitoring i ocenka agrarnoj politiki 2022 [Monitoring and evaluation of agricultural policy 2022] - Available at: https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2022_7f4542bf-en / (Accessed: 23.06.2022).

17. Polozhenie del v oblasti prodovol'stvennoj bezopasnosti i pitaniya v mire [The state of food security and nutrition in the world] - Available at: <https://www.fao.org/3/cc0639ru/online/sofi-2022/food-agricultural-policy-support.html> (Accessed: 15.12.2022).

18. Monitoring i ocenka agrarnoj politiki 2020 [Monitoring and evaluation of agricultural policy 2020]. Available at: https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2020_928181a8-en/ (Accessed: 30.06.2020).

19. Monitoring i ocenka agrarnoj politiki 2021 [Monitoring and evaluation of agricultural policy 2021]. Available at: https://www.oecd-ilibrary.org/agriculture-and-food/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2021_2d810e01-en/ (Accessed: 22.06.2021).

Авторлардың мәліметтері:

Махметова Дана Сейсенқызы – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008 Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан

Тлесова Эльвира Булатовна – Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008 Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>

Молдакенова Еркежан Коксегеновна – PhD, менеджмент кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008 Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0003-4753-2672>

Makhmetova Dana Seisenovna – PhD student; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan;

Tlessova Elvira Bulatovna – Associate Professor of the Department of Economics and Entrepreneurship; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>

Moldakenova Yerkezhan Koksegenovna – Ph.D; Senior Lecturer of the Department of Management; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-4753-2672>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).